

Тағайындау

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен компанияның Бас директоры болып Дәулетжан Хасанов тағайындалды.

Дәулетжан Кеңесұлы Хасанов 1971 жылы 21 қазанда дүниеге келді. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы институтын «экономист» мамандығы бойынша және Атырау мұнай және газ институтын «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша тәмамдаған. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында 20 жылдан астам еңбек етіп келеді. Әр жылдары «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС және «Қаражанбасмұнай» АҚ жауапты басшылық лауазымдарда қызмет атқарды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры болып тағайындалғанға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры лауазымында жұмыс істеді.

Ұжымның жаңа басшысын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Жақып Марабаев таныстырды. Ол өз сөзінде соңғы үш жылда компания сыртқы келеңсіз факторлардың ықпалына қарамастан, негізгі өндірістік көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етіп, үздіксіз дамуын жалғастырғанын айтты. Айталық, өткен жылы өндіру жоспары артығымен орындалып, 5,9 млн тоннаны құрады.

Бұдан бөлек Компанияның бұрынғы басшылығының COVID-19 індетінің таралуына қарсы күрес бойынша



ауқымды жұмыс атқарғаны да аталып өтті. Қызметкерлер арасында вакцинация науқаны лайықты деңгейде жүзеге асырылып, ұжымдық иммунитет қалыптастыруға жағдай жасалды. Сонымен қатар Компания бюджетінен 2

млрд. теңге көлемінде қаражат бөлініп, Маңғыстау облысының дәрілік препараттарының тұрақтандыру қорын қалыптастыруға, Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасын өкпені жасанды желдету аппараттарымен, жедел медици-

налық жәрдем автомобильдерімен, компьютерлік томограф аппаратымен қамтамасыз етуге және тағы басқа шұғыл қажеттіліктерді қанағаттандыруға жұмсалды.

Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Жақып Марабаев жаңа басшылыққа да жауапты міндеттер жүктеліп отырғанын тілге тиек етті. Соның ішінде Жақып Марабаев мұнай және газ өндірудің жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізуді жалғастыру, компанияның тиімділігін арттыру, сондай-ақ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ барша қызметкеріне оңтайлы еңбек жағдайларының қамтамасыз етілуін одан әрі де жалғастыру қажет екенін ерекше атап өтті.

Өз кезегінде, Компанияның жаңадан тағайындалған Бас директоры Дәулетжан Хасанов, ұлттық компания басшылығы тарапынан өзіне білдірілген сенім үшін алғысын жеткізіп, Компания жетістіктерін еселеуге, белгіленген межелерге қол жеткізіп, қызметкерлер мүдделерін қорғау жолында бар күш-жігері мен тәжірибесін салатынын жеткізді.

Айта кетейік, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ акционерлері келісімінің ережелеріне сәйкес жоғарғы буын және құрылымдық бөлімшілер басшыларын тағайындау құқығы 3 жыл сайын кезекпен ауыстырып тұру қарастырылған. Компанияның бұрынғы Бас директоры Лю Цзиньчэн 2018 жылдың қараша айында тағайындалған болатын.



Подразделения сообщают

УПРАВЛЕНИЕ РИСКАМИ

Достижение стратегических целей - одна из важнейших задач для акционерного общества «Мангистаумунайгаз» и необходимым условием для этого является внедрение и совершенствование системы управления рисками.

Основная задача системы управления рисками - это предупреждение событий, которые могут негативно повлиять на Общество, угрожать достижению целей, а также возможность быстро и эффективно реагировать на различные внештатные ситуации, сокращая их и управлять ими.

Управление рисками должно происходить в контексте определенных целей, задач, поставленных перед Обществом, которые вытекают из утвержденных стратегий, планов развития и других внутренних документов. Общество должно не реже одного раза в год определять возможные риски, и способность предпринимать меры для их минимизации и достижения поставленных целей.

Таким образом, в период с 11 по 20 октября 2021 года был организован курс обучения по программе «Управление



рисками. Разработка стратегических и операционных целей интегрированной системы менеджмента в АО «Мангистаумунайгаз» с приглашением аккредитованной компании по интегрированной системе менеджмента и управления рисками из города Алматы. В обучении приняли участие 64 работника Общества, в том числе владельцы целей, рисков/риско-факторов и риск-координаторы. Обучение

прошло на высоком уровне, спикеры доступно и доходчиво объясняли все нюансы программы управления рисками.

Обучение прошло в интересном формате, теория параллельно с практикой, - рассказывает ведущий инженер Службы охраны труда и промышленной безопасности ДТБОТиООС Гульмира Альжанова. - Я узнала много нового для себя. Думаю, что обучение системе управления рисками

должны пройти все работники Общества, потому что, учитывая риски можно избежать различных негативных последствий.

- Это очень важное направление для любого предприятия, поскольку влияет на разработку Стратегии и в целом затрагивает всю деятельность организации, - в свою очередь, говорит инженер-программист отдела информационных баз данных ДАИТиС Ляззат Асмолова. - Система управления рисками, направлена на выявление потенциальных событий, которые могут влиять на организацию, и управление связанных с этим событием риском. Курс проходил интенсивно и насыщенно. Узнала очень много интересного и полезного, в целом, конечно, хотелось бы, чтобы подобные курсы проводились чаще.

Остается добавить, что основная цель данного тренинга - получение и поддержание теоретических и практических знаний в области управления рисками. Полученные знания позволят сотрудникам проработать риск-ориентированный подход и повысить эффективность управления процессами в компании.

ЧТО ТАКОЕ ВЕНТИЛЯЦИЯ И ДЛЯ ЧЕГО ОНА НУЖНА?

ВЕНТИЛЯЦИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ПОМЕЩЕНИЙ

Вентиляция производственных помещений - это совокупность мероприятий и устройств, необходимых для обеспечения заданного качества воздушной среды в рабочих помещениях. Вентиляции принадлежит главенствующая роль в нормализации воздушной среды на рабочих местах и в производственных помещениях.

ВИДЫ ВЕНТИЛЯЦИИ И ТИПЫ ВЕНТИЛЯЦИОННЫХ УСТАНОВОК

По способу перемещения воздуха вентиляция может быть: Естественная; Механическая.

По способу организации воздухообмена механическая вентиляция может быть: местная; общеобменная.

Типы вентиляционных установок

Вытяжные (предназначенные для удаления воздуха) - местные и общеобменные.

Приточные (осуществляют подачу воздуха) - местные (воздушные души, завесы, оазисы) и общеобменные (рассеянный или сосредоточенный приток).

1. **Естественная вентиляция** - это вентиляция, при которой воздухообмен происходит за счет разности температур под влиянием теплового напора. Естественная вентиляция производственных помещений может быть: неорганизованной и организованной.

Неорганизованная естественная вентиляция (проветривание) осуществляется за счет поступления и удаления воздуха через окна, форточки, фрамуги, специальные проемы, а также через неплотности наружных ограждений (инфильтрация).

Организованная (регулируемая) естественная вентиляция производственных помещений называется аэрацией, которая осуществляется с помощью аэрационных фонарей. При отсутствии аэрационных фонарей естественная вентиляция может быть улучшена с помощью специальных каналов или шахт. С целью повышения эффективности ветрового напора эти шахты снабжаются специальными насадками - дефлекторами.

2. **Механическая вентиляция** позволяет производить предварительную обработку приточного воздуха - увлажнение, нагрев или охлаждение и очистку от пыли, газов, аэрозолей и других примесей.

К установкам **местной вентиляции** относятся местные отсосы открытого типа, включающие защитно-обеспыливающие кожухи, вытяжные шкафы, бортовые отсосы, шарнирно-телескопические отсосы (встроенные в рабочие места, инструменты), перемещаемые отсосы, а также вытяжные зонты, укрытия-боксы, камеры и кабины.

Общеобменная вентиляция применяется в тех случаях, когда вредные вещества, избыточное тепло и влага выделяются рассредоточено по всему рабочему помещению, и удалить их с помощью местных отсосов не представляется возможным. Принцип действия общеобменной вентиляции основан на разбавлении загрязненного, перегретого или переувлажненного воздуха до уровней, соответствующих гигиеническим нормативам.

Приточная вентиляция предназначена для обработки воздуха: его подогрев, охлаждение, очистка от пыли или увлажнение.



Вытяжная вентиляция предназначена для удаления отработанного воздуха.

КОНДИЦИОНИРОВАНИЕ ВОЗДУХА ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ПОМЕЩЕНИЙ

Кондиционирование воздуха - создание и автоматическое регулирование в помещениях заданных параметров микроклимата и санитарно-гигиенических параметров (температуры, влажности, подвижности воздуха).

Системами кондиционирования должен подаваться воздух, очищенный от пыли. Иногда предъявляются требования по очистке воздуха от бактерий, по его ионизации, дезодорации или ароматизации.

ТРЕБОВАНИЯ К ВЕНТИЛЯЦИИ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ПОМЕЩЕНИЙ

Основные санитарно-гигиенические требования к вентиляции производственных помещений определены гигиеническими нормативами, а также строительными нормами и правилами. Для эффективной работы вентиляции важно, чтобы еще на стадии ее проектирования было предусмотрено выполнение ряда санитарно-гигиенических и технических требований.

Количество воздуха, необходимого для вентиляции производственных помещений и обеспечения требуемых параметров воздушной среды в рабочей зоне, устанавливается расчетным способом. Расчет ведется по избытку тепла, влаги или по количеству выделяющихся вредных веществ (пыли, газов, паров). При одновременном выделении в помещении тепла, влаги и вредных веществ необходимый

воздухообмен должен устанавливаться по преобладающей вредности.

Система вентиляции не должна быть источником шума и загрязнения окружающей среды. В процессе эксплуатации вентиляционные системы должны обслуживаться, очищаться от загрязнений, ремонтироваться в соответствии с установленным графиком подготовленным персоналом.

АЭРОДИНАМИЧЕСКИЕ ИСПЫТАНИЯ

Обследование и паспортизация вентиляции

Аэродинамические испытания необходимы в комплексе мер для обеспечения безопасности технологических процессов на производственном объекте. Данное требование является необходимым для обеспечения эксплуатирующей организацией безопасной эксплуатации вентиляционных систем задействованных в технологических процессах, для своевременного выявления и устранения неисправностей, в том числе для предупреждения инцидентов на производственном объекте. Обязательное периодическое обследование систем вентиляции необходимо для оценки эффективности или технического состояния вентиляционных систем производственного объекта. Обследование вентиляции подтверждается отчетной документацией, которая востребована при реконструкции, капитальном ремонте, техническом перевооружении.

За 2020 год Лабораторией производственной санитарии и гигиены труда Департамента техники безопасности и охраны окружающей среды АО «Мангистаумунайгаз» обследованы вентиляционные системы Общества в количестве 734 единиц, в том числе: приточные системы - 69 ед., вытяжные системы на механическом побуждении и естественные - 615 ед., вытяжные местные - 48 ед., воздушно-тепловые завесы - 2 ед.

ДЛЯ ЧЕГО НУЖНА ВЕНТИЛЯЦИЯ?

Большинство людей проводят около 90% своего времени в помещении и все это время дышат именно тем воздухом, который есть в помещении. Плохой это воздух или хороший зависит от множества факторов: деятельность человека, герметичность, сезонные изменения, месторасположение здания, наличие загрязняющих веществ в воздухе, качество материалов, из которых сделаны стены, полы, мебель и многое другое. И хотя первым шагом для обеспечения хорошего качества воздуха в помещениях является сокращение внутренних источников загрязнения, вентиляция также является важной составляющей.

Правильная вентиляция снижает уровень загрязняющих веществ и влаги, которые могут прямо или косвенно привести к плохому самочувствию и неблагоприятным последствиям для здоровья.

С уважением,

Ыкласов Т.Т.,
старший инженер по вентиляции
Лаборатории производственной санитарии и
гигиены труда ДТБОТиООС
АО «Мангистаумунайгаз»

Денсаулық бұрышы

ДОНОРЛАР САНЫ КҮРТ ТӨМЕНДЕДІ

Бүгінде Маңғыстау облысында донорлық қан қорының тапшылығы сезіліп отыр. Оның басты себебі, донорлар санының азайып кетуіне байланысты, - дейді мамандар. Бұл ең алдымен әлемді жайлаған індеттің таралуынан орын алып отырған жағдай. Егер пандемияға дейін қан орталығына күн сайын 40 донор келсе, биыл еріктілер саны екі есеге дейін қысқарған. Қараша айы басталысымен компанияда ұйымдастырылған «Мен - Донормын» акциясының басты себебі де осы.



«Бірнеше жыл бұрын облыстық қан орталығы зертханасына өз еркімен қан тапсырғысы келетіндердің қарасы көп болатын. Ал бүгінде жағдай мүлдем басқаша», - дейді облыстық қан орталығының директоры Рафаэль Сарсамалиев:

-Бүгінгі күні қан орталығында донорлар тапшылығы шынымен қатты сезіліп отыр. Сол себепті біз барлық кәсіпорындардың жетекшілеріне хат жолдағанбыз. Алғашқылардың бірі болып ұсынысымызды тұрақты түрде қолдап отыратын «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына алғыс білдіргім келеді. Әрине, қор қашан да бар, бірақ, қанды сақтау мерзімі 42-49 күн болғандықтан, оны үнемі толықтырып отыру қажет.

Дәрігерлердің айтуынша кез келген адам донор бола алмайды. Олардың ең алдымен саусағынан қан алынып, денсау-

лығы тексеріледі. Қан құрамының майлылығы, тобы сарапталған соң ғана арнайы сауалнама толтырылады. Жиі қан тапсырған адамның ағзасы әлсірейді деген пікірді мамандар жоққа шығарып отыр. Донор болған адамның ағзасындағы барлық жасушалар жаңарып, иммунитетінің артуына себеп болады. Сондай-ақ, донорға 2 күнге жұмыстан босату туралы анықтама беріледі. Үнемі қан тапсыратын донорлар салауатты өмір салтын ұстанып, жаман әдеттерден аулақ болады. Бұл режимдердің бәрі ағзаны мейлінше жақсартуға ықпал етеді. Донор қан тапсырған күні 0,25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай сыйақы алады. Теріс резусты және 2-ші, 4-ші топтағы қан құрамына сұраныс жоғары.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары қан орталығының тұрақты донор-

лары болып табылады. Әріптесіміз Амир Хамитов он бес жылдан бері қан тапсырып келеді. Ол, бұл әрекеті арқылы әлдекімнің өмірін сақтауға көмектесетіндігін жақсы түсінеді. Акция барысында 17 адамнан 7 литр 650 мл. қан жиналды. Медицина

қызметкерлері игілікті шарадан шет қалмай, өз еріктерімен қан тапсыратын мұндай азаматтардың қатары әлі де көбейетініне сенімді. Үлес қосқысы келетіндер облыстық қан орталығындағы 40-17-50 жедел байланыс нөміріне хабарласа алады.

СЕМІЗДІК - ӘДЕТ ПЕ ӘЛДЕ АУРУ МА?

Қазақта «Тәні саудың – жаны сау» деген тәмсіл бар. Ал қазақ айтса, қалып айтпайды. Бұған қазіргі медицина да дәлелдер келтіріп жатыр. Мәселен, ХХІ ғасыр індеті атанып жетіскен артық салмақ проблемасы уақыт өте келе адам психикасына да кері әсерін тигізе бастайды екен. Сондықтан, ұзақ жасап, ақыл мен ағза саулығын қамтамасыз ету үшін артық салмақпен күрес проблемасын да күн тәртібіне шығарар уақыт келді.

Денсаулық – бірінші байлық. Сол себепті, қолда бар алтынның қадірін кетірмей, оны күтіп ұстау - ең алдымен өзіміздің күнделікті үрдісімізге айналуы тиіс. Теңгерімді тамақтану, физикалық жаттығулармен айналысу, тым болмаса күніне бір рет далаға серуендеуге шығу адам ағзасының сан түрлі проблемаларға шалдығуының алдын алуға көмектеседі.

Ал салмақтың қалыптатылуы қалай тексереміз десеңіз, мінекейіңіз. Ол үшін бойыңыздың салмағыңызға деген қатынасын анықтап алуыңыз қажет. Бұл көрсеткіш ағза массасының индексі (АМИ) деп аталады. Оны есептеу үшін мына формуланы пайдаланыңыз: $АМИ = \frac{Салмақ (кг)}{Бой^2 (м)}$. Егер нәтижесінде шыққан көрсеткіш 25-тен жоғары немесе 18,5-тен төмен болса, онда өмір салтыңыз бен тамақтану үрдісіңізді қалыпқа келтіруді қазірден бастағаныңыз жөн.

күрделене бастайды. Мысалға, семіздік пен артық салмақ адам ағзасында қант диабеті жағдайларының пайда болу ықтималдығын 44%, жүректің ишемиялық ауруы жағдайларының пайда болуын 23% және қатерлі ісік түрлерінің пайда болу ықтималдығын 7-41% арттырып жібереді.

Сонымен, Семіздік - бұл адам ағзасы салмағының шектен тыс артуы дедік. Енді оның пайда болу себептеріне тоқталсақ. Оның негізгі себебі болып ағзаға түсетін және шығындалатын калориялар арасындағы энергетикалық тепе-теңдіктің бұзылуы есептеледі. Яғни жалпақ тілмен айтсақ, СЕМІЗДІК – көп тамақ жеп қою мен қимыл-қозғалыстың аздығы салдарынан туындайды екен.

Қазір семіздік әлемдік эпидемияға айналған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша жыл сайын 2,8 млн адам артық салмақ пен оның кесірінен туындайтын аурулар салдарынан ажал құшады. Аса алаңдатып отырған жағдай – балалар мен жасөспірімдер арасында семіздіктің таралуының қарқындылығы. Бұл көрсеткіш өткен жүз жылдықтың соңымен салыстырғанда бүгінгі күні 10 есе артқан.

Соңғы жылдары Қазақстан аумағында да осы кесел белең алып келеді. Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының дерегіне сүйенсек, қазақстандықтардың 20% немесе әрбір бесінші адам семіздікке шалдыққан. Олардың басым бөлігі Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Орталық Қазақстан өңірлерінің тұрғындары.

Қазіргі кезде артық салмаққа шалдығу Компания қызметкерлері арасында да кездесіп жүр. Мәселен, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері арасында бүгінгі таңда семіздік 109 адамнан анықталып, тіркелген. Оның 67 «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, 17 «Жетібаймұнайгаз» ӨБ және 25 Ақтау қаласындағы департаменттер қызметкерлері. Бағым бөлігі (60%) 43 пен 63 жас аралығындағы қызметкерлер. Шектен тыс семіздік - 15 қызметкерден анықталған.


Осы орайда, барлық әріптестерімізге ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу әлде қайда тиімді әрі сенімді екенін ескерткіміз келеді. Сондықтан, төменде көрсетілген ақыл-кеңестерді өздеріңізге түртіп алып, күнделікті өміріңізде пайдалануды әдетке айналдырғаныңыз абзал.

АРТЫҚ ДЕНЕ САЛМАҒЫ МЕН СЕМІЗДІКТІҢ АЛДЫН АЛУ

1. Салмағыңызды қалыпты күйде ұстау үшін дұрыс тамақтану ережелерін сақтаңыз және физикалық тұрғыдан белсенділікті арттырыңыз.
2. Тамақтану режимін және бөліп тамақтану ұстанымын сақтаңыздар, күніне 4-5 рет аз-аздан тамақтану ең оңтайлы тәсіл болып саналады. Себебі, тағам ағзаға жиі және аздаған мөлшерде келіп түседі. Күн соңындағы тағамды ұйықтардан 3-4 сағат бұрын қабылдау пайдалы.
3. Қаныққан май қышқылдарына бай мал өнімдеріне (сары май, майлы ет, мал майы), маргаринге, жеңіл сіңетін көмірсуларына (қант, тәттілер, кондитерлік өнімдер, фаст-фудтар, тез әзірленетін кеспелер, гамбургер, донер және т.б.) шектеу қою арқылы ас мәзірінің құнарлылығын азайтыңыз.
4. Ас тұзын қолдану мөлшерін күніне 2-3 граммға




Гимнастика, физикалық жаттығулар, серуендеу - жұмыс қабілеттілігін, денсаулығын, толық және қуанышты өмірді сақтағысы келетіндердің әрқайсысының күнделікті өміріне берік енуі керек



Гиппократ

- дейін (бір шай қасық) шектеңіз.
5. Күн сайын 30 минутқа дейін орташа немесе қарқынды салмақ түсіретін жаттығулар жасаңыз.
6. Шикі көкөністер мен жемістерді көбірек (күніне 400 грамнан кем емес) және жиірек (күніне кем дегенде 4-5 рет) тұтыныңыз.
7. Нан, әсіресе, ақ нан жеуге шектеу қойыңыз.
8. Негізгі тамақтану сәтінде майлылығы төмен сүт, ет, балық өнімдерін пайдаланыңыз.
9. Сыра мен алкогольдік сусындар ішуді толық тоқтатыңыз.
10. Тәбет ашатын тұздықтарды, дәмдеуіштерді, ащы тісбасарларды ас мәзірінен алып тастаңыз.
11. Тамақты асықпай, аздаған көлемде, мұқият шайнай отырып жеңіз.
12. Аптасына 1-2 рет жеңілдік күнін (құнарлылығы аз ас ішу) өткізіңіз.
13. Баяу арықтаған жөн. Мақсатқа жету үшін дене салмағын қауіпсіз төмендету деңгейі аптасына 0,5 кг құрайды.
14. Аштық сезімін басатын, ұзақ уақыт бойы қарын аштырмайтын, талшықтарға бай бұршақ тұқымдастарды тұтынғаныңыз пайдалы.
15. Салмақты азайту тәсілін таңдау үшін, міндетті түрде дәрігерден кеңес алыңыздар, ол сіздердің жекеленген ерекшеліктеріңіз бен сырқаттарыңызды толық ескереді.

Жүсіпова К.Қ.,
Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы зертханасының меңгерушісі
КТЕҚЖҚОҚД



- АМИ көрсеткіштері:
- 16 және одан төмен – ағза массасының күрт жетіспеушілігі;
 - 16-18,5 – салмақ жетіспеушілігі;
 - 18,5-25 – қалыпты салмақ;
 - 25-30 – артық салмақтың пайда болуы (семіздіктің алды);
 - 30-35 – семіздік – бірінші саты;
 - 35-40 – семіздік – екінші саты;
 - 40 және одан жоғары – семіздік – үшінші саты, өте қауіпті.

Бұдан бөлек артериялық қан қысымы, қандағы қант мөлшері және холестерин көлеміне жіті назар аударғаныңыз жөн. Адам денсаулығының осы параметрлеріне қатысты да проблемалар әдетте ағза салмағының артуы салдарынан

Еңбек адамы



ІСТІҢ АДАМЫ

Қазақта «Адамды істі қалай бастағанына қарап емес, қалай аяқтағанына қарап бағала» деген сөз бар. Жүрген жерінде жалаулатып, көпке жария қылмай-ақ шаруа тындырып жүретін адамдар болады. Мейлі өндірісте, мейлі қоғамдық жұмыста, жоқ бизнесте болсын ондай адамдардың өзгелерден қашан да шоқтығы биік тұрады. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, кешенді мұнайды дайындау және өткізу цехының аға шебері, нағыз істің адамы деп деп көрсететін жандардың бірі – Әбдіжәміл Құсбеков.

Әбдіжәміл Қонақбайұлы Шайыр ауылында 1977 жылы 8 ақпанда туған. Алғашқы еңбек жолын 1996 жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қарасты кешенді мұнай дайындау және өткізу цехында 3-дәрежелі сораптар технологиялық машинисі болып бастайды.

«Еңбекке ерте араластым. 9 сынып оқып жүргенімде анам дүниеден озды. Артымнан ерген кішкентай бауырларымды жетілдірсем деген оймен Өзен техникумына оқуға түстім», - дейді кейіпкеріміз.

19 жасында Қаламқасқа келген бозбаланың өндірістің машақаты мен тікеңнен тік тұрып істейтін жұмыстың ауыртпашылығы алғашында оңайға соқпағаны рас. Қандай қиындықты да қайсарлықпен нокталаған жас маман,

бауырларының бақуатты тұрмысы үшін қай істі қолға алса да зор жауапкершілікпен, зор ықыласпен жасады. Ысылды, тәлім-тәжірибесі молайды. 4-ші дәрежелі тауар операторы, 5-ші дәрежелі тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғы операторынан КМДжӨЦ-нің шеберіне дейін өсті.

«1 ауысымда 65 адам жұмыс істейді. Тәулігіне 10 мың тонна мұнай дайындайтын цехта еңбек етіп келе жатқаным 30 жылға жуық уақыт өтіпті. Өмірімнің тең жартысы өндірісте өтті ғой, кенорынның көз алдымда өзгергенінің куәсі болдым. Жақында УПН-3 жаңа қондырғысы іске қосылғалы жатыр. Бұл да бір қуаныш», - деп кенорынның бүгінгі бейнесіне көңіл тоқтығын білдірді.



Әбдіжәміл аға жұмыста майталман маман болса, отбасында өнегелі әке. Бүгінде үш ұл, екі қыз тәрбиелеп өсіріп отырған ол бала болашағының баянды болуына үлкен көңіл бөледі.

«Өмірлік ұстанымым – ұл-қыздарыма дұрыс тәрбие беру, жақсы білім алуына жағдай жасау, адал еңбекпен абырой жию. Үлкен қызым Ақтөбе

қаласындағы медицина университетінің 2-курсінде оқиды. Болашақта ұл-қыздарымның мұнай саласынан өзге мемлекеттік қызмет бағытында білім алып, еңбек еткенін жөн көремін», - дейді әке көңілі. Өндірісте өз жолын тапқан Әбдіжәміл Құсбеков қоғам өмірінің сан саласында ұрпағының үлесі болғанын қалайды екен. Біз де лайым тілегіңіз орындалсын деген ниеттеміз.

ӘКЕНІҢ ІЗІМЕН...



«Мұнай өндірісіне өмірін арнаған әкем Ғасредин Арыстанбайұлының бағыт-бағдар беруімен геолог болуды ұйғардым» - дейді, кейіпкеріміз «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнай және газ өндіру цехының техник-геологі Қалдыгүл Ғасрединқызы. Арыстанбаевтар әулетінің үлкені Марат Арыстанбаевты білмейтін жан жоқ шығар бүгінде. Өндіріс әліппесі аталып кеткен «Мұнай-газ терминдерінің сөздігі» кітабының төл авторы. Ел ішінде Арыстанбаевтарды «мұнайшылар әулеті» деп атауы тегін емес. Кіші інілері де өлкенің өндірісін өрге сүйреуге лайықты үлес қосса, кеше ғана ұлы Ақылбек Алмұқан Қаныш Сәтбаев атындағы білім ордасын геолог мамандығы бойынша тәмамдап келді.



Маңғыстауда туып-өскен Қалдыгүлдің бала кезінен көрген-баққаны – іргедегі өндіріс. Жол бойына самсап бой түзеген мұнараларға қарап мұнайшы болуды армандамайтын бала жоқ шығар, сірә. Есейе келе, қара қазан, сары баланың қамы үшін отбасынан жырақта айлап-жылдап еңбек ететін әкенің ізін жалғауды өмірлік мақсат-мұратым деп білді. Шахмардан Есенов атындағы білім ордасының күректей дипломын қолына алып, 2002 жылы "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасына оператор болып жұмысқа орналасты. Қарап отырса, бар жігер-қайратын сол сүйікті мамандығына арнаған екен. Бүгінде ол №2 мұнай және газ өндіру цехында техник-геолог болып жұмыс істейді.

Қазақта «әйел-қырық жанды» деген жақсы сөз бар. Үйдегі тіршілігімен қоса, түздегі жұмысына да ұқыптылық қажет. Жыл он екі ай, отбасыңнан жырақта жүру оңай емес. Әйтсе де, ұл-қыздың ертеңгі күнін, отбасының бақытты, бақуатты тұрмысын ойласаң, 280 шақырымдық жолға артынып-тартынып тағы кетіп бара жатасын», - дейді еңбек адамы.

20 жыл өндірісте өткен өмірі тәжірибелі маманға ең алдымен

шыдамдылықты үйретті. Селқостық танытуға болмайтын жүгі мол жауапты істің басы-қасында жүріп, абырой арқалады, мерейін өсірген марапатын да алды.

«Біздің цех ынтымағы жарасқан іргелі ұжым. Әр маман өзіне жүктелген міндеттің үдесінен шығу үшін барын салады. Тәулігіне 3529 тонна мұнай өндіретін цехтың бүгінге дейін жеткен жетістігі аз емес», - дейді кәсіби геолог.

«Қаламқас кенорны екінші үйіңіздей боп кеткені кім-кімге де жасырын емес. Кенорынмен байланысты жылы естеліктеріңіз болса, мәрхабат» деген сауалымыздың жауабы төмендегідей болды:

«Қаламқас қалашығы барлық сән-салтанатымен жақын арада қайта қауышады деген үлкен үміттің жетегінде жүрміз. Еліміздегі індет қай-қайсымызға да оңай тиген жоқ. Әр мереке сайын арқажарқа амандасып, пейіл-ниетімізді түзеп, сый-сияпат беріп, ізгі тілегін жаудыратын жақсы күндердің тезірек оралғанын қалаймыз», - деп сөзін аяқтаған Қалдыгүл Арыстанбаеваға «дегеніңізге жетіңіз» дегіміз келеді.

СОЛ КҮНДЕР ӘЛІ ЕСІМДЕ...



Женістің 70 және 75 жылдығы медалінің иегері, Қазақстан мұнайының 120 жылдығы, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы және Қарағия ауданының 40, 45 жылдығы мерекелік төсбелгілерімен марапатталған.

Жетібай мұнайын алғаш игерушілердің бірі, тарихта аты алтын әріппен жазылған сол күнді былайша еске алады...

1961 жылы 5 шілде күні кешке Форт-Шевченкодан солярка артып шықтым. Қасымда ҰОС-ның ардагері Берсүгір Жолжанов деген ағамыз бен Ақсырға дейтін кітапханашы апай болды. Түннің бір уағында Жетібайға келдік. Жаңағы адамдарды түсірген соң, Құрман Тұрғанбаев дейтін зовхоздың айтуымен солярканы 4-ұңғыға апардым. Уақыт - 6 шілденің таңғы 4-5 сағаты кезі. Көлігім ескі, емкосы сәл тесілейін деп, аздап солярка шығып тұр екен. Әкелген соляркамды қотарып жатыр едім, сол 4-ұңғының бұрғышысы Кәдір деген келіп:

- Сен, бала білесің бе? 6-скважинада фонтан атқылап жатыр. Мына солярканды құйып болған соң, стоякқа (раствор құятын жер) барып, раствор құйып алып, соған бар, - деді. (Мұнай бұрқағын тоқтату үшін жоғарыдан түскен нұсқау бар екен: келген техниканы ұстап қалып, 6-ұңғыға жіберу жөнінде) Содан ауыр раствор артып, айтқан жеріне келдім.

Келсем, қап-қара мұнай жоғары көтеріліп барып, қайта қайтып, маңайына төгіліп жатыр екен. Мұнараның биіктігі 41 метр. Фонтанның биіктігі шамамен 25 метрдей. Бері жағында агрегат тұр, соның қасында яма (шұқыр) бар екен, әкелген сұйық затты соған құйдым.

Мен келгенде мотор сөніп тұрды. Атылып жатқан фонтанның ұзақтығы 4-5 минуттай. Әр оншақты минуттай уақытта бір атады. Сол екі арада мастер, бұрғышылар жүгіріп барып, құбырдың өзегіне сақина орнату үшін арпалысады. Арқыраған ағынды тоқтату керек қой.

Келесі фонтан атылғанда қайтадан кері қайтады. Үсті-бастары малмандай қара май. Орындарына басқалары барады. Ұңғының басына брезент плащ, керзі етік, каска, қолғап әкеліп қойыпты. Ауыстырып киіп жатты.

Қолдарында мыс кілттері бар, искра (от ұшқыны) шықпауы үшін солай.

Әйтпесе, от алып кетсе, өртеніп, түгел жарыламыз ғой. Күн ми қайнаған ыссы, жерден шығып жатқан мұнай да ыссы.

Оны сораптағы мұнайға қарсы құйып, фонтанды тоқтатуға және өртке қарсы қорғанысқа пайдаланады, деді. Сол жерде күндіз-түні майға малшынып жұмыс жасап жүрген адамдар болды. Менің көргендерімнен танитындарым: автобустың шофёры Шархатбай Қалбаев, 3-буровойдан көмекке келген бұрғышы Жолдас Тоғжанов, көмекшісі Қаршыға Жалғасбаев еді. Мұнараның күнбатыс жағы ойпаң, ылди екен. Төгілген мұнай күнбатысқа қарай ағып жатты...

Айналасы 5-10 метрдей жерге шашырап аққан кара майды трактормен күреп жатыр. Сол тракторист Мұхан деген шал, қазір Жыңғылдыда тұрады. Агрегаттың жүргізушісі Рысбай Нурбосинов, көмекшісі Алтай деген екен.

Солай 3 күн 6 ұңғыға раствор тасыдым. Содан емкосым тесіліп қалып, мен Фортқа АТК-1-ге ремонтқа кеттім...

Содан бір күні Трест МНГР-дің кадр бөлімі Сағын Беркеновке барсам, Түркіменстаннан 4-5 адам келіпті. Амандасып жөн сұрасам, жұмыс істеуге келіп, оқуға жолдама алған екен. Маған да сол жақтан "бұрғышының көмекшісіне" (помбур) оқуға барыңыз, деді. Әлгі адамдармен еріп кетіп, Түркіменнің Невит-Даг деген қаласынан 3 ай курс оқып, бітіріп, 1962 жылы май айында Жетібайға келдім. Келгенде, 1 ай 21-ұңғыда практикандан өттім.

Мастер - Шапағат Нұрқуатов, бұрғышы - Базарбай Қосмағанбетов деген. Мен раствор дайындаушымын.

Жалпы сол жолы 30 бала курс оқып келдік, ішінде мен - Алшынбай Бүркітов, Нұрғали Атақаев екеуіміз осы ұңғыда болдық. Участоктың бастығы Хасан Тәжиев, бас инженер Васин деген, көмекшісі Қуан Қазиев.

Тевяшов деген геолог бар. Практика аяқталған соң экзамен тапсыратын болдық.

Еңбек, жалақы бөлімі Берден Бәшенов, 6 ұңғының бұрғылау мастері Петровтар экзамен комиссиясы. Мен, Атақаев, Жақашев тағы біреу бар (атын ұмытып отырмын) төрт адаи 4-дәреже атағын алдық. Сөйтпін мені 1962 жылы 5-буровойға бұрғышының көмекшісі ретінде жіберді.

Мастер - Петров, берховой - Халитов, бұрғышы - Сапығали Сапаров, мен "помбур" (бұрғышының көмекшісі), бұрғылау жұмысшысы Жарбаев деген болды. Қазу тереңдігі әртүрлі. Әрқайсысын 2-3 ай бойы қазамыз. Ол кезде жұмыс ауыр, қазіргідей техниканың жетістігі жоқ. Сол жұмыс істегеннен 1996 жылы пенсияға шықтым, қызым...

- Айтұға бәрі оңай, бірақ, еңбекпен өткен жылдар аз емес. Өмірге ризасыз ба?

- Шүкір, деймін, үкімет еңбегімізді бағалап, сый-құрметін жасады. "Маңғыстаумұнайгаздың" ардагері ретінде құрметке ие болдық, тыл ардагеріміз. Тек, сол 1961 жылғы мұнай бұрқағын ауыздықтағандар қатарында болғанымыз айтылмай қалған еді... Сол ардагерлерден санаулы ғана адам қалдық. Келе жатқан Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Жетібай мұнайының 60 жылдық мерекесін көру бақыты бұйырсын.

Еліміз мынау әлемді аландатқан індеттен аман болсын!

- Әумин, рахмет! Сіз де аман болыңыз!

Шынар КЕНДІН,
«Қарақия» газетінің редакторы.
2021 жыл

Еңбек адамы



КӨЛІК ТІЗГІНІНДЕ - 30 ЖЫЛ

Алпыстың асуынан асқан Маңғыстау мұнайы осы жылдар ішінде талай еңбек тарландарын өсіріп шығарды. Олар салған сара жол –кейінгіге өнеге! Маңғыстау мұнай өнеркәсібінің дамуы жолында қырық жылдай еңбек етіп жүрген Қобылан Қайнаров, көлік департаментінің 4-дәрежелі автокөлік жүргізушісі.

«Дөң басында үш үй тұрдық. Ер дәулет, Өмірбай көкелер және біздің үй. Мен ол кезде төрт жаста едім. 1970 жылдары әкем Түркменстаннан Маңғыстауға қоныс аударғанда, жанұясымен бірден Қаламқасқа көшіп келген. «Жұмыс жасаймын» деген адамға өндіріс көзі ашылып бастаған кез. Жұмыс орынына жақын жерден үй салып, әкем «заправщик», анам «комендант» болып АТКМНГС су-4 мекемесіне жұмысқа орналасады. Сол маңайдан теңіз суына алып бөгеттер салынғанда балалық шағым бірге өрбіді. Таң атысымен құм тиеген ауыр көліктердің шаңы бұйраланып, аспан астын жауып алатын. Иірмек жол Қаламқас әулие мен кен орынының қақ ортасындағы дөңнің үстімен өтеді. Бала біткен қаз-қатар тізілген алып көліктерге мінгесіп аламыз. Олар күніне 8-10 рейс жасайтын. Көрші ағамыз да сол «татра», «краз» көліктерін кезекпен айдайтын. Көлігінің биіктігіне қызғатынмын, ішінде отырғанда алып өндірісті алқап алақанында тұрғандай көрінетін. Ыстық күндері теңізге түсіп



салқындап, кеш бата соңғы рейстен түсіп қаламыз. Жол бойы бұраубайлардың жарығына қарап, шеті мен шегі бітпейтін бала қиялына ерік беретінім әлі есімде. Бірінде ұшқыш болсам, енді бірінде алып көліктің жүргізушісі екенмін» -деп өткенін есіне алған Қобылан ағаны бала арманына қол жеткізген жан десек, қателеспейміз. Бүгінде мұнайшы-жолаушылары бар автокөліктің жүргізушісі.

Қобылан Қайнаров 1966 жылдың тумасы. Үш қыздың арасында өскен ұлға қойған әке талабы жоғары еді. 1980 жылы анасы Күләш Өмірбекқызының мұнай өнеркәсібінің дамуына қосқан еңбегі еленіп,

Ақтау қаласынан бес бөлмелі үй берілді. Сол жылы Қайнаровтар отбасымен қалаға көшеді. Орта мектепті бітірген Қобылан әскерден қалып, жастайынан еңбекке араласа бастайды. Өмірөзеннің өткеліне жай жұмысшы боп кірген Қобылан 1984 жылы АТКМНГС су-4 мекемесінде автослесарь болды. Арқыраған аязда, бұрқыраған боранда, аптапты ми қайнатар ыстықта ашық далада жұмыс істеп, шындалды. Қара жұмысты ерінбей істеді, әр істің ерекшелігін санасына токи берді. Өйткені «Ұлым, еңбек майданын қара жұмыстан бастағаныңды құптаймын, тек істеген жұмысыңды берекелі қылып атқар. «Бетеге кетсе, бел қалады, бөктері кетсе ел қалады, берекен кетсе нең қалады?» - деген атаң қазақ. Қара жұмыстың шаңы қолыңа жұғып қалмайды, жуып сүртсең кетіп қалады. Қайта өмірдің қиындығын нақты көріп төселесің, кейін өзіңе жақсы болады. Кейбіреу шолақ ойлағанда, сен арыдан көріп тұрасың. Тек сұрайтыным, қай жұмыс, қызметті атқарсаң да Дүзелбайдың баласы берекесіз деген атақ алып, атыма кір келтірме»,-деген әке сөзі жадында.

1988 жылы КМНГР-де 3 разрядты бұрғышы көмекшісі болып жүріп, алты айлық шопырлық курсты оқып алады. 1991-1993 жылдары Геофизика УГР мекемесінде, 1994 жылы БУТТ-да шопыр болып еңбек етеді. 1994-2006 жылдары Ақтау Темір Жол-Кооперативінде 16 жыл еңбек етіп, мұнай өнеркәсібіне қайта оралады. 2006 жылы Қаражандары Мұнайгаз құрылыс мекемесінде көлік тізгіндеп жүріп Маңғыстаумұнайгаз компаниясына келеді.



Қобылан Дүзелбайұлы жұмысына жанын салып, жүрегімен беріліп жасайтын жан. Оған дәлел ұқыптылығы мен еңбексүйгіштігі. 23-40 адамдық автокөліктерді тек кәсіби, сақ жүргізушілерге ғана сеніп тапсырады. Өз жұмысына ерекше ілтипатпен келіп, жұмыс барысындағы қиыншылықтарға мойымайтын Қобылан ағамыз үш баланың әкесі. Егіз қыздары Пекинде оқып, өңірдегі белді мұнай компанияларында инженер. Бала-келіні де жеке кәсіп өрбітіп, үлкендердің өсиетіне адалдығын берекелі, жемісті еңбектерімен дәлелдеуде. Ата – анасынан алған асыл қасиеттері алмастай жарқырай көрініп, Қайнаровтар әулеті көші алыс көкжиектерге беттеп барады.

Л.Жолдыбаева

15 қараша - Теңге күні

ТӨЛ ТЕҢГЕГЕ -28 ЖЫЛ

15 қараша. Төл теңгемізге 28 жыл толады. Тәуелсіздіктің туын алып, Әл-Фараби, Сүйінбай, Абай, Құрманғазы, Әбілқайыр хан, Абылай хандардың, кешегі шоқтығы биік Шоқандарды төл теңгеміздің төріне шығарып, бөркімізді аспанға атқанымыз кеше еді,ә?! Өзім секілді, 1988 жылы Желтоқсанда туған ұрпақтың жадында болар, қазақтың қаймақтары шыққан қағаз ақшаны, ұлылардың аманатындай көріп, менде Абай көп, менде Сүйінбай, менде Құрманғазы деп қуанатын едік. Тәуелсіздіктен тәбәрік боп жеткен теңгеміз талай өткелектерден аман шықты.



– 1993 жылы 12 қарашада Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлттық валютаны енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Ұлыбританиядағы Harrison & Sons отбасылық типографиясында басылған банкноттар Лондоннан елге бір апта тасымалданды. Елімізде теңге айырбастау 1993 жылы 15 қараша таңғы сағат 8-де басталып, түп-тура 5 тәулікке созылды. Осынау тарихи қадам біздің дербес экономикалық бастамаларымызға, өзіндік қаржы саясатын жүргізуімізге жол ашты. Ең бастысы, елімізге толыққанды тәуелсіздік сыйлады, - дейді Ұлттық банкті 1992-1993 жылдары басқарған Ғалым Байназаров өзінің «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында.

Төл теңгеміздің тарихын парақтағанда саяси сәттерді санамызда қайта жаңғыртып, ұжым арасынан теңге күніне қатысты тың дерек, қызықты мәлімет іздедік. Не дегенмен, ел қазынасына қара алтын құйған компанияның қаржы жүйесін басқаратын білікті мамандарды аталған мереке айналып өтпесі анық қой. Әріптесім, Мұнайлы Өлкенің дизайнері Ербол Айтбаевтың нумизматик екенін білгенде көктен іздегенімді жерден тапқандай қуандым.

Нумизматика, бонистика, фалеристика, филателия деген терминдерді естуіңіз бар шығар. Тиындарды тіркетеп жинайтындарды нумизматиктер дейді. Олардан кез-келген тиын туралы сұрасаңыз, мүдірмей жауап береді.



Бонистер қағаз жүзіндегі ақшаның түр-түрін жете меңгерсе, фалеристтер медаль мен түрлі таңбаларды жинақтайды. Филателдер поштаға қатысы бар таңбалардың бәрін біледі. Қызық, ә!

Нумизматиктер қатарында есімі әлемге әйгілі саясаткерлер жетерлік.

Түптеп келгенде тарих тиындар тілінде де сөйлей алады. Әрбір коллекционердің жеке қоры – жинақталған мұражай. Саясат серкелерінің көпшілігі нумизматика мен филателияға қызығады.



Мысалы, Францияның күн королі атанған Людовик XIV Бурбоновтар әулетінің дәстүрін жалғастырып, сирек кездесетін тиындарды жинаған.

**100 валюта,
200-ге ЖУЫҚ ТИЫН БАР,**

Өңірдегі «Алтын ғұмыр - ұлы Маңғыстау», «Ақкетік арайы», «Мұнайлы», «Жаңаөзен жаршысы» басылымдарында дизайнерлік қызметін сәтті сабақтаған оның монета «әлемінің» есігін қағуы да кездейсоқ емес. «Облыстық баспаханада жұмыс істеп жүрген кезім. Бір



шыққанда әкеліп беріп жатады. Онымен қоса өзіме керекті тиынды көзіме түссе сұрап немесе бір нәрсеге айырбастап аламын. Ал кейбіреулерін сатып алуға да тура келеді. Әсіресе ардагер-мұнайшы Алексей Лифаренконың коллекциямды жинақтаудағы үлесі зор, ол кісі маған біраз жәдігер сыйлады, - дейді әріптесіміз. Ескі тиын көрсе «әкеме керек» дейтін қос ұлының қарлығаш көмегін қосыңыз. «Жарым Шолпанның қолдауы қызығушылығыма қанат бітіреді» - дейді сөз арасында.

Үйінде болсын, не болмаса көшеде келе жатып өзге елдің таңсықтау бір монетасын тауып алсаң былай-былай төңкеріп бір қарайсың да қалтаңа, не сөмкеңе сала саласың. Бұл кез келгеннің басынан өтуі мүмкін жағдай. Ал біреулер монета десе жанын береді. Кейбіреулері оның шығу тарихына қызықса, жай хобби ретінде жинайтындар да бар. Әр монетаны өзінше сөйлететін тәжірибесі бар адам қай тиынның сұранысқа ие, қай жәдігердің, әсіресе ескі монеталардың нағыз түпнұсқа екенін бес сауағындай айыра біледі.

Әрбір нумизматиктің жеке қоры кәнігі мұражайдан кем түспейді. Әріптесіміз Ербол Бисенбайұлы әр жылдары сыйға алған, сатып алған тарихи жәдігерлерін көзінің қарашығындай сақтап жүр. Себебі, оның жеке қорындағы заттар – ескінің сарқыншағы, өткен дәуірдің келбеті. Бір монета арқылы тұтас бір мемлекеттің тарихынан сыр шертуге болады. Тіпті тарихтың бір ұшы қолында десек те артық болмас. Уақыт озған сайын жаухардай жәдігерлердің құны да қымбаттай түсетініне кепілдік көп.

Әріптесіміздің монеталық мұражайына үңілген сайын түсінгенім, өз еліңнің төл теңгесі бәрінен де ыстық, бәрінен де биік! Осы орайда, теңге күні қарсаңында қаржы саласының мамандарын мерейлі мерекемен құттықтап, адал еңбектеріне абырой тілейік.

ЖАННАТ КЕМАЛ

күні ішке құрылғыны жөндеуге үндістандық бір кісі келді. Ұмытпасам, аты Рама болатын. Кетерінде 10 рупийды қолыма ұстатты» деп еске алған әріптесіміздің әңгімесіне құлақ түре түстік. «Бала кезімде космонавт болуды армандадым. Мен туған жылы 1981-де "Адамның алғашқы ғарышқа ұшқанына 20 жыл" мерейтойлық монетасы шығарылды». Сол оқиғадан кейін Ерболдың көне тиындарға қызығушылығы оянып, оны жинауды қолға ала бастаған. Қазіргі күні оның қолындағы ең көне тиын – 1931 жылғы. Аргентина, Бразилия, Оңтүстік Африка Республикасы, Уганда, Канада, Мальдив аралдары, Малави, Тайланд, Вьетнам, Қытай, Гондурас, Иран, Үндістан, Польша, Хорватия секілді 4 құрлықтың төл теңгелері де нумизматик топтамасынан ойып орын алған. Қазақ халқының «Айтыс», «Қырқынан шығару», «Бата», «Наурыз» секілді салт-дәстүріне байланысты шыққан монеталарда ұлттық құндылықтарды айқын аңғаруға болады. Сондай-ақ ұлт зиялыларының туған күніне орай шығарылғаны да нумизматик коллекциясының сәнін келтіріп тұрғандай.

- Коллекциямда шамамен 100 ден аса валюта, 200-ге жуық тиын бар. Негізінен менің ақша, монета жинайтынымды білетін достарым, әріптестерім саяхатқа



БІЛІКТІ БЕКБОСЫН

«Елге сіңірген еңбек жақсы, еңбекті елеген ел жақсы» дейді жазушы Спандияр Көбеев. Сол айтқандай, ұжым арасында еңбегімен еленген әріптесіміздің бірі - Бекбосын Танауов.

«Oil Construction Company» ЖШС-де құрылыс құрылмаларын монтаждаушы болып жұмыс істейтін Бекбосын Бегімсалұлы көп балалы отбасында тәрбиеленген. Еңбек жолын құрылыс саласында тас қалаушы болып бастап, кейіннен білікті маман Мұрат Аршеевтің қасында жүріп біраз тәжірибе жинады, білік-білімі молайды. «International Safety Standard» ЖШС ұйымдастырған техникалық кәсіппен айналысатын

жұмысшылардың біліктілігін арттыру сынынан сүрінбей өтіп, кәсіби шеберлігін шындады.

Кенорнындағы жұмыс әрдайым табандылық пен ынта-жігерді, жауапкершілікті талап ететіні айтпаса да түсінікті жайт. Өндірістегі 15 жылын шыныпластик, болат құбырларды монтаждауға арнаған тәжірибелі маман теңселме-білдекті құрастыру, монтаждау және оны бөлшектеу жұмыстарын да шебер орындайды.

«Бекбосын көзбен өлшегенін дөп түсіретін, кеңістікті болжай білетін бесаспап шебер. Өзінің істеген жұмысының сапасына толық кепілдік бере алатын жұмыскер, - дейді қызмет

жетекшісі Әбдіжамал Омаров.

Өзі жетекшілік ететін звенодағы Жансерік Қызанбаев, Азамат Бекқалиев секілді жастарға бар білгенін үйретуден еш тынбайды. Олар да лайықты ізбасар, ізденімпаз шәкірт атанып, білікті мамандар қатарынан көрініп жүр.

Бүгінде Бекбосын жұбайы Гүлсара екеуі Жүзбек, Қыдырбек, Шаттық, Таңсұлу атты ұл-қыздарын өсіріп, олардың үйлі-баранды болған, ұрпақ өрбіткен қуаныштарын көріп отыр.

А.Есбосын
«Oil Construction Company» ЖШС

СӘТТІ САПАР

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС басшылығы бастама көтеріп, алғаш рет ұжым қызметкерлерінің балаларына арнайы экскурсиялар ұйымдастырды. Серіктестіктің әлеуметтік-әкімшілік тобы мен «Турист» ЖШС бірлесіп ұйымдастырған бұл шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойында отаншылдық сезімдерді тәрбиелеу, өлке балаларын Маңғыстаудың тарихи, мәдени және рухани мұрасымен таныстыру.

Кезекті саяхат әйгілі Қарақия ойпағынан бастау алды. Сапарымыздың арнайы тағайындаған білікті экскурсоводы жол бойы топтың балаларына Маңғыстаудың тарихи орындары мен өлкеміздің географиясынан сыр шертіп, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырды. Тегіс асфальтталған жолмен Маңғыстау ауданының орталығында орналасқан Серікбол Қондыбаев атындағы мұражайға келдік. Мұражайда жас ұрпақ пен өңір жұртшылығына ғұмырының жартысын қазактың тарихы, мәдениеті, салт-санасының барлық қырларын жинақтап, қазақ танымна сүбелі үлес қосқан және ғылыми зерттеулерге орасан зор еңбек еткен сіңірген қазақ халқының өлкені танушысы, этнограф ғалымы Серікбол Қондыбаевтың өмірінен, оның шығармашылығы мен еңбек жолынан терең мағлұмат алды. Одан әрі оқушылар мұражайдың экспозициялық зал экспонаттарымен танысты. Балалар үшін бұл сапар әсерлі

оқиғаға толы болды, олардың танымдық қызығушылықтары оянып, өлке туралы жаңа әсерлерімен бөлісті.

Саяхаттың жалғасы қос таудың ортасында орналасқан «Көгеz» этно ауылының әсем табиғат аясында өрбіді. Ашық аспан астында, таза ауамен тыныстап, Маңғыстау алқабының тамаша табиғатының сұлулығы мен көркемдігін тамашалап топ оқушылары тағы бір мәрте серпілді. «Көгеz» этноауылының бар сұлулығын қаз- қатар тігіліп, қазақи оюлармен көмкерілген киіз үйлер ашып тұр. Киіз үйлер іші қазақи бұйымдармен, оюлы төсеніштермен жабдықталған. Этноауылдың этнолық жағынан жасақталуы ұлтымыздың тұрмыс тіршілігін дәл анықтап бергендей.

Тамаша ұйымдастырылған түстіктен кейін сапарымыздың келесі кезегі - көрікті Айрақты-Шоманайдың тылсым тауларын тамашалауға ұласты. Ерекше табиғат жаратылысын көрген балалар Айрақты тауларының мұнаралы төбелері, бағаналары мен бекіністі қабырғаларын



тамашалап, тылсым сырға толы тың деректерді жинақтады. Бұл экскурсияда балалар Маңғыстау аймағының тарихына, мәдениетіне қатысты біраз мәліметтер жинақтады. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» демекші, ұрпақ бойында туған жер мен өз жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастырып, жан-жақты жетілген білімді ұрпақ, «отаншыл азамат»

атағын қалыптастыруда мұндай танымдық экскурсиялардың атқаратын қызметі аз емес.

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұв "өз елін сүйетін азамат инженер болсын, ғалым болсын, жалпы қай мамандық иесі болса да өзінің жерін, тарихын, танып-білсе сол елдің патриотына айналады" деген болатын. Міне, осы тәрбиелі ұстанымды жалау етіп, өлкемізді тану, оның

тарихын білу болашақ жастардың түсініктерін кеңейтері сөзсіз. Сонымен қатар, бұл шара – "Рухани жаңғыру" бағдарламасын дамытуда жас жеткіншектер мен мектеп оқушыларының өз өлке тарихы мен табиғатын тануда жасалған үлкен тағылымды жобалардың бірі болмақ.

Конкиева С.
«МЭМ» ЖШС менеджері



Ерекше жан

САН ҚЫРЛЫ ГАУХАР

«Күнде спорттық костюм киіп, таңғы жаттығу жасағанды жаным қалайды. Әсіресе йогамен айналысқан адам үшін өмірің де, өңің де сұлу. Көп нәрсеге деген көзқарасың өзгереді. Өзінді де, өзгені жақсы көре түссен...», - дейді Гаухар. Рас шығар. Өмірде денсаулықтан артық не бар?! Әсіресе, пандемия кезінде қала тұрғындарына йога мен биден тегін сабақ берген кейіпкеріміз қос қызының ментальды арифметикаға ерекше бейім екенін айтады. Бүгінгі «ЕРЕКШЕ ЖАН» айдарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің маманы, сан қырлы Гаухар Амантайқызымен әңгіме өрбіткен едік.



«Йогашылар – бүкіл денелерін меңгерген адамдар» дегенді кітаптан оқыған едім. Мәселен, құлақ, мұрын, қабақ, өңеш секілді басқа да барлық бұлшық етті қимылдату арқылы жылдар бойы жаным маза бермеген ауруымнан айықтым. Бұрын сәл суықтан тамағым бітеліп, дауысым шықпай қалатын. Қазір таңғы йога жаттығуларының көмегімен бұл қиындықтан құтылдым», - дейді кейіпкеріміз.

Салауатты өмір салтын ұстану жастықты ұзағырақ сақтап, қарттықты біршама алыстата түседі деп білетін Гаухардың сан қырлы таланты басын біріктіріп жүргенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Ол қала ішінен шағын ғимаратты жалға алып, жанын салып би билейді, өзі секілді жандарды жанына топтастырып ұстаздың қызметін де қоса атқарып жүр.

Гаухар Амантайқызы бала кезден бимен айналысқанын айтады. «Табиғатым солай, үнемі қозғалыс үстінде жүргенді ұнатамын. Студент қабырғасында жүріп Каспий арулары би ансамбліне жетекшілік еттім. Кейіннен қызығушылығым артып, би, спорт өмірлік хоббиіме айналды», - деген ол 2009 жылы Қазақстанның фитнес клуб қауымдастығынан дәріс алып, коуч-тренер Құралай Ошақбаеваның арнайы шақыртуымен Дубайға дейін барып келді.

Өзін жан-жақты жетілдіріп жүретін маман отбасы, жақындарына да айрықша көңіл бөледі. Үлкен қызы нақты білім саласына бет бұрып, тандаған бағытында табандап білім үйреніп, едәуір тәжірибе жиган. Бүгінде Анел Жұмат ментальды арифметиканың 10-деңгейін сәтті аяқтаған. Жеткіншектің осы кезге дейінгі жетістіктері де аз емес. Ол 2019 жылы ТМД елдері арасында өткен сайыстан жүлдемен оралды.



Қазіргі заман мен қоғамның талабына сай ментальды арифметиканың тасы өрге домалап тұр. Ғалымдар бұл саланың бастауын ежелгі Қытайдағы абакус есептеу құрылғысының пайда болуымен ұштастырады. Дәл осы құрылғының адам миын шынықтыратын қасиетін байқаған малайзиялық профессор Дино Вонг 1993 жылы UCMAS ментальды арифметика бағдарламасын ойлап тапқан екен. Бұл бағдарлама қазіргі уақытта әлемнің 75 елінде қолданысқа ие болып, UCMAS орталықтары ашыла бастады. Қазақстанда осындай орталықтар 2011 жылдан бастап ашылды. Мамандар абакуспен жұмыс істеу балалардың ұсақ моторикасын дамытып, миының екі жақ

жарты шарының үйлесімді дамуына әсер етеді деген тұжырымды айтады. Сондай-ақ шығармашылық ойлау, жылдамдық, нақтылық, сенімділік және байқампаздық, есте сақтау қабілеттерін дамытуға да оң ықпалын тигізеді. Қысқаша айтқанда 4-14 жастағы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға арналған, ойша есеп жүйесіне негізделген бағдарламаның бүгінгі қоғамдағы қажеттілігі де, сұранысы да жоғары. Гаухар осындай зияткерлік білім саласына ден қойған қыздарының талабына қуанатынын, әрқашан қолдап-қоллап отыратынын айтты.

«Қай кезде де заман білімділердің қолында ғой. Өзім де білім-ғылымға құштармын. Сол себептен де болар, сәт санап дамып жатқан IT саласының маманы



болуды қаладым. Қыздарымның да болашақта адамзат өркениетіне, қоғам дамуына ең қажетті білім иесі атанғанын күп көремін. Қазақта «болар баланың бетін қақпа, белін бу» деген сөз бар ғой. Қос қызым көңілдері қалап, ұнатқан мамандықтарын таңдауына, сол салада лайықты білім алып, үлкен мамандық иесі болуларына тілекшімін, қашанда қолдау білдіремін» - дейді Гаухар Суйеова.

Иә, «білім – жан мен тәннің азығы» деген. Гаухардың компанияда атқарар қызметі де, жауапкершілігі де жоғары. Ол ел экономикасына сүбелі үлес қосып келе жатқан үлкен компанияның цифрлы жүйесін ұдайы бақылап, компьютерлік бағдарламалар жұмысын қадағалауға атсалысады. Жұмыста жауапкершілікті, тұрмыста тиянақты Гаухардың өмірге деген құштарлығы, өз қызметіне адалдығы бізді тәнті етті. Мұндай мамандар қай мекеменің де қаймағы сынды. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясында білікті де білімді қызметкерлер көбейе түссе қоғам үшін де, компания үшін де үлкен абырой, зор мақтаныш емес пе?!

ЖАННАТ КЕМАЛ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

- Отбасына шуақты жылуы жоқ жігіттердің "Қараңғы Қазақ көгіне өрмелеп шығып күн боламын" дегені абсурд.

- Адам денесінде бір кесек ет бар. Егер сол таза болса (сау болса) бүкіл денесі таза болады (сау болады). Ол тура гупка тәрізді. Гупканы суға салып сықсаң су шығады, сүтке салып сықсаң сүт шығады. Сол сияқты оның ішіндегі бар нәрсе сыртқа: ой, сөз, әрекет арқылы шығып білінеді. Ол таза күйінде адам баласының бәріне дос. Ол - жүрек!

- Баланың еті тірі пысық болып өскені өте жақсы. Бірақ, оған адал мен арам жайлы тәрбие берілмесе, оның пысықтығы өзіне, әке-шешесіне, қоғамға қасіретті болуы әбден мүмкін...

- Берекет - сыпырылған кілемнен бастау алып, ауыздың тазалығы мен бекітіледі. Дымың жоқ болса да таза кілемде отырып, жақсы сөз сөйлеген үйдің адамдары бақытты!

Салих Адай
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ
Қабат қысымын ұстау
цехының операторы

Қайырымдылық



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ ХАБАРЛАЙДЫ

Қор қызметінің негізгі мақсаты қиындыққа тап болған замандастарымызға, соның ішінде арнайы күтім мен емдеу шараларын қажет етіп жүрген әріптестерімізге көмек беру. Мәселен, осы күнге дейін Қор қызметі шеңберінде жасалған барлық қайырымдылық шараларының басым бөлігі өз әріптестеріміздің жүгін жеңілдетуге бағытталды. Бірде баласына, бірде ата-анасына, енді бірде өздеріне ем алуға коодау көрсетіп келдік.

Кешегі қазан айында да қаламқастық әріптесіміздің қант диабеті індетінің салдарынан пайда болған қосалқы ауруына ем-дом жасасын деген ниетпен 200 000 теңге көлемінде демеушілік

жасадық. Әріптесіміз ризашылығын айтып, Қор қызметінің жүзеге асуына мүмкіндік жасап отырған барша қайырымды жандарға сәлемін жолдады.

Естеріңізге сала кетейік, Қор қызметі "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қызметкерлерінің ерікті қайырымдылық жарнасы яғни садақасы есебінен қаржыландырылады. Ай сайынғы садақ көлемі 1000 (бір мың) теңге. Қазіргі таңда екі жүзден астам қолдаушымыз бар. Сол азаматтардың арқасында талай адам, талай отбасы мұнайшылардың жылуын алып, тығырықтан шығып жатыр.

Сіздер де өз садақанызды Қор арқылы нағыз мұқтаж жандарға жеткізе аласыз. Ол үшін Қор әкімшісі Фани Әбдісадыққа хабарласып, өтініш қағазын толтырасыз.

Жақсылық жасап жарысайық!



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - Ғ.Әбдісадық;
- Л.Жолдыбаева;
- Ж.Кемал.
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютері-
рінде теріліп,
беттелді.
Индекс: 64265

"ADVER" ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000